

Осакаров ауданында жастар тәжірибесін ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 01 ақпандағы N 03/01 қаулысы. Қарағанды облысы Осакаров ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 20 ақпанда N 8-15-163 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 25 мамырдағы N 18/04 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2012.05.25 N 18/04 қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 316 "Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылдың 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес мақсаттық топтарға кіретін, халықты жұмыспен қамтамасыз етуге жәрдемдесу шараларын кеңейту мақсатында техникалық және кәсіби білім ұйымдарының түлектеріне, орта және жоғары білімнен кейін және бастапқы кәсіби (маман) жұмыс тәжірибесін алу бойынша аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес жастар тәжірибесінен өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын ауданның ұйымдарының, кәсіпорындарының және мекемелерінің тізбесі бекітілсін.

2. "Осакаров ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (С.Д. Торбаева) және "Осакаров ауданының жұмыспен қамту орталығы" Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (А.А. Тулеуова):

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес орта және жоғары білімнен кейінгі кәсіби және техникалық білім ұйымдарының жұмыссыздар ретінде тіркелген түлектері арасында жастар тәжірибесін өткізу бойынша жұмысты ұйымдастырсын;

2) жұмыс берушілермен жастар тәжірибесін қаржыландыру туралы келісім шарт жасасын;

3) жастар тәжірибесін өту үшін жұмыс орындарына жұмысқа тұрған түлектердің ай сайынғы еңбек ақысы нақты істеген уақытына, бекітілген

қаржыландыру жоспарына сәйкес және сәйкес бюджетпен осы мақсатқа көзделген сомалар шегінде көзделсін.

3. Осакаров ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 20 мамырдағы N 14/03 "Осакаров ауданының жұмыссыз жастары үшін дипломнан кейінгі кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне N 8-15-105 болып тіркелген, "Сельский труженик" аудандық газетінде 2009 жылдың 6 маусымында N 23 (7143) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Осакаров ауданы әкімінің орынбасары Нұрлан Рахметоллаұлы Бикеновке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Осакаров ауданының әкімі

С. Аймақов

Ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 1 ақпандағы N 03/01
қаулысына қосымша

Жастар тәжірибесі

ұйымдастырылатын аудан ұйымдарының кәсіпорындарының және мекемелерінің тізбесі

N р/с	Ұйымдардың атауы	Жұмыс орындарының саны	Жұмыстың ұзақтығы (айлық)	Айлық жалақы мөлшері	Кәсіп мамандық)	(Қаржыландыру көзі
1.	"Мирное селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	1	6	26000	Экономист	Республикалық бюджет
2.	"Звездное селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	1	6	26000	Заңгер	Республикалық бюджет
3.	"Родниковское селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	1	6	26000	Экономист	Республикалық бюджет
4.	"Садовое селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	1	6	26000	Экономист	Республикалық бюджет
5.	"Молодежный кенті әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	1	6	26000	Экономист	Республикалық бюджет
6.	"Осакаров ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	6	26000	Экономист	Республикалық бюджет

7.	"Канал Строй Пласт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	2	6	26000	Бухгалтер, Технолог қоғамдық тамақтандыру	Республикалық бюджет
8.	"Ар Сауда" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	1	6	26000	Қоғамдық тамақтандыру технологиясы (наубайхана - кондитер)	Республикалық бюджет
9.	"Осакаров ауданының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі	2	6	26000	Заңгер	Республикалық бюджет
10	"Тазалық" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	1	6	26000	Бухгалтер	Республикалық бюджет
11	"Осакаров ауданының жер қатынастар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	6	26000	Заңгер	Республикалық бюджет
12	"Осакаров ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	6	26000	Қаржы	Республикалық бюджет
13	"Осакаров ауданының төтенше жағдайлар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	6	26000	Құжаттандыру және құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасы	Республикалық бюджет
14	"Осакаров ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	6	26000	Экономист	Республикалық бюджет
15	"Осакаров ауданының жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2	6	26000	Экономист	Республикалық бюджет
16	"Осакаров ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	6	26000	Бағдарламашы	Республикалық бюджет
17	"Осакаров ауданының "Балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" мемлекеттік мекемесі	1	6	26000	Дене мәдениеті және спорт	Республикалық бюджет
18	Осакаров ауданының N 2 соты	1	6	26000	Заңгер	Республикалық бюджет
19	Қарағанды облысы соттық акт орындау Департаментінің сот орындаушыларының Осакаров N 2 бөлімі	1	6	26000	Заңгер	Республикалық бюджет
20	"Осакаров ауданының салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі	2	6	26000	Қаржы	Республикалық бюджет
21	Осакаров ауданының соты	1	6	26000	Заңгер	Республикалық бюджет

22	"Звездное селолық округінің әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	1	6	17439	Заңгер	Жергілікті бюджет
23	"Молодежный кенті әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі	1	6	17439	Экономист	Жергілікті бюджет
24	"Осакаров ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламасы" мемлекеттік мекемесі	2	6	17439	Экономист	Жергілікті бюджет
25	"Осакаров ауданының әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі	4	6	17439	Заңгер	Жергілікті бюджет
26	"Осакаров ауданының жер қатынастар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	6	17439	Заңгер	Жергілікті бюджет
27	"Осакаров ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	6	17439	Қаржы	Жергілікті бюджет
28	"Осакаров ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	6	17439	Экономист	Жергілікті бюджет
29	Осакаров ауданының N 2 соты	1	6	17439	Заңгер	Жергілікті бюджет
30	Қарағанды облысының сот актілерін атқару бойынша Департаменттің N 2 Осакаровкалық атқару сотының бөлімі	1	6	17439	Заңгер	Жергілікті бюджет
31	"Осакаров ауданының салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі	4	6	17439	Қаржы	Жергілікті бюджет
32	Осакаров аудандық соты	1	6	17439	Заңгер	Жергілікті бюджет
33	"Бірлік" шаруа қожалығы	1	6	17439	Есепші	Жергілікті бюджет
34	"Яковлев" шаруа қожалығы	1	6	17439	Есепші	Жергілікті бюджет
35	"Яковлев" шаруа қожалығы	1	6	17439	Механизатор	Жергілікті бюджет
	Барлығы:	46				